

Ақмола облысы Аршалы ауданының аумағында орналасқан Шелқар көлінің су қорғау аймағы мен белдеуін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2020 жылғы 29 қазандағы № А-11/549 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 қарашада № 8120 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2022 жылғы 3 мамырдағы № А-5/222 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 03.05.2022 № А-5/222 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексінің 39-бабына, "Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 19-1/446 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11838 болып тіркелген) сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес, Ақмола облысы Аршалы ауданының аумағында орналасқан Шелқар көлінің су қорғау аймағы мен белдеуі белгіленсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес, Ақмола облысы Аршалы ауданының аумағында орналасқан Шелқар көлінің су қорғау аймағы мен белдеуін шаруашылыққа пайдалану режимі белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің орынбасары Е.К. Әбдіхалықовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

E.Маржикпаев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасының

Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің
сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің
Ақмола облысы бойынша тауарлар
мен көрсетілетін қызметтердің
сапасы мен қауіпсіздігін бақылау

департаменті" республикалық

мемлекеттік мекемесі

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

Экология, геология және табиги

ресурстар министрлігі

Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды

реттеу және қорғау жөніндегі

Есіл бассейндік инспекциясы"

республикалық мемлекеттік

мекемесі

Ақмола облысы әкімдігінің

2020 жылғы 29 қазандығы

№ А-11/549 қаулысына

1-қосымша

Ақмола облысы Аршалы ауданының аумағында орналасқан Шелқар көлінің су қорғау аймағы мен белдеуі

№	Су объектісінің атауы	Орналасқан жері	Су қорғау аймағы	Су қорғау белдеуі
			ені, метр	ені, метр
1	Шелқар көлі	Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Михайлов және Сараба ауылдық округтерінің аумағында	500	35

Ақмола облысы әкімдігінің

2020 жылғы 29 қазандығы

№ А-11/549 қаулысына

2-қосымша

Ақмола облысы Аршалы ауданының аумағында орналасқан Шелқар көлінің су қорғау аймағы мен белдеуін шаруашылықта пайдалану режимі

1. Елді мекендердегі су қорғау аймағы шегінде су объектісінің ластануын және қоқыстануын болдырмайтын пайдалану режимі сақталуы тиіс.

2. Су қорғау белдеулерінің шегінде:

1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;

2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылыштар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылыштарын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көлік инфрақұрылымдары объектілерін, жаңартылатын энергия көздерін (

гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, демалыс және (немесе) сауықтыру мақсатындағы ғимараттар мен құрылыштар салмай ғимараттар мен құрылыштарды салуға және пайдалануға;

3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер участекерін беруге;

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болғызбайтын құрылыштармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген қазіргі бар объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген участекерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өндіуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуға (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;

7) пестицидтер мен тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға жол берілмейді.

3. Су қорғау аймақтарының шегінде:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыштармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыштарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуғе, сондай-ақ құрылыш, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуғе, пайдалы қазбалар өндіруге, кәбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, бассейндік инспекциялармен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен және басқа да мұдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бүрғылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуғе;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыны, аппаратураларды пестицидтермен толтыратын алаңдарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуға арналған ұшу-қону жолактарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал

қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерусті және жерасты суларының микробпен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өндеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін пестицидтермен авиациялық өндеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбекен пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық пестицидтерді тыңайтқыш ретінде пайдалануға жол берілмейді.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өндеу жүргізу қажет болған жағдайда уыттылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.